





	<p><b>ұйымдастыру кезінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін</b></p>								
<p>Сабақтың ортасы 10 мин</p>	<p><b>ФС 7 –тапсырма</b> <b>Ұжымдық жұмыс.</b> «Сен маған, мен саған» әдісімен тапсырманы орындайды. <b>Нұсқау:</b> Керекті сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңдер. 1. Динаның ұстазы кім? 2. Құрманғазы кім? 3. Домбырашы болу үшін не істеу керек? 4. Құрманғазының ақыл-кеңестері Динаға қалай әсер етті? <b>Керекті сөздер:</b> Құрманғазы, күй атасы, дыбысты сүйе білу, ерінбеу, құлағынан кетпестей. - Етістіктерді табындар. Олардың дара немесе күрделі екенін айтындар.</p> <p><b>ЕББҚ ететін (ойлау деңгейі төмен) балаға тапсырма :</b> Берілген сурет бойынша сөйлем құрап жаз, сөйлемнен етістікті тап.</p> <p><b>Топтық тапсырма</b></p> <p><b>1- топ.Сөйлемнен сөз таптарын тап:</b> Сөйлем: <i>Екі бала аулада ойнады.</i> Зат есім: Сан есім: Етістік: Сын есім (бар болса):</p> <p><b>2-топ.Сөйлемді талдау</b> <b>Сөйлемнен сөз таптарын анықта:</b> <b>Сөйлем:</b> <i>Үш ақ қаз көлге ұшты.</i></p> <table border="1" data-bbox="240 1832 679 1895"> <tr> <td>Сөз</td> <td>Сөз табы</td> </tr> </table> <p><b>3-топ .Сөйлем:</b> Төрт кішкентай бала бүгін үлкен аланда жарысты.</p> <table border="1" data-bbox="240 1995 679 2033"> <tr> <td>Сөз</td> <td>Сөз табы</td> </tr> </table>	Сөз	Сөз табы	Сөз	Сөз табы	<p>Тыңдайтын мәтіннің не туралы екенін болжайды. - Мәтінде Дина туралы айтылғанын табады. Мәтіндегі мақалды көркем жазып, етістіктің астын сызады. Өнер адамы қандай болу керектігі туралы нұсқаулық жазады.</p>	<p>Сөзжұмбақты шешеді. Тыңдайтын мәтіннің не туралы екенін болжайды. - Мәтінде Дина туралы айтылғанын табады. Мәтіндегі мақалды көркем жазып, етістіктің астын сызады. Өнер адамы қандай болу керектігі туралы айтады.</p> <p>Сурет бойынша сөйлем құрап жазады, етістікті табады</p>	<p><b>Бағалау критерийі</b> Мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды <b>Дескриптор:</b> Қойылған сұрақтарға жауап береді -1б; Етістіктерді тауып, дара немесе күрделі екенін ажыратады -1б; Сөз таптарын дұрыс табады -1б;</p>	<p>CANVA AI</p>
Сөз	Сөз табы								
Сөз	Сөз табы								

5 мин	<p><b>8 –тапсырма</b> <b>Ұжымдық жұмыс.</b></p> <p>Балалар осы тапсырманы дұрыс орындап шықсаңдар, мамандық иелерінің қандай жұмыс атқаратын байқауға болады</p> <p>Күйші күй ... . Жыршы жыр ... . Ақын өлең ... . Дәрігер ауруларды ... . Мұғалім балаларды ... . Жылқышы жылқы ... .</p>	Ұжымдық жұмысты орындайды.		Дескриптор : Көп нүктенің орнына дара етістікті тауып жазады-1 б.	
2 мин	<b>Сергіту сәті</b>	Балалар орындайды	Балалар орындайды	<b>Жарайсындар!</b>	VEO-3 AI 
10 мин	<p><b>ҚБ 9– тапсырма</b> <b>Жұптық жұмыс</b></p> <p>«Дұрысын жаз » <b>Нұсқау</b> Көп нүктенің орнына дара етістікті тауып жазыңдар. Күрделі етістіктерді қатыстырып, сөйлем құрап жазыңдар. Етістіктердің астын сызыңдар. (Келеді)... – келе жатыр, келе бастады. (Тартады)... – тарта алады, тартып жатыр, тартып жүр. (Тоқиды)... – тоқи алады, тоқып отыр, тоқи бастады. (Барады)... – барып кел, бара кел.</p> <p><b>ЕББҚ ететін (ойлау деңгейі төмен) балаға тапсырма</b> <b>Көшіріп жазады</b></p>	Көп нүктенің орнына дара етістікті тауып жазады Күрделі етістіктерді қатыстырып, сөйлем құрап жазады- Етістіктердің астын сызады-		<b>Бағалау критерийі</b> Сөйлемнен сөз таптарын етістік табады <b>Дескриптор:</b> Көп нүктенің орнына дара етістікті тауып жазады-1 б. Күрделі етістіктерді қатыстырып, сөйлем құрап жазады-1 б. Етістіктердің астын сызады-1 б.	CANVA AI  Wayground AI
5мин	<p><b>10– тапсырма</b> <b>Ұжымдық жұмыс</b></p> <p>Суретке қарап, мәтіннің тақырыбын болжаңдар. «<b>Моншақ</b>» әдісі арқылы мәтінді тізбектеп оқып, мәтінге ат қойыңдар. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар. Мәтінді оқып,</p>	Тақырыпты болжап, мәтінге ат қояды Негізгі ойды анықтайды Етістіктерді дұрыс табады		Дескриптор : Тақырыпты болжап, мәтінге ат қояды-1б. Етістіктерді дұрыс табады -1б.	

	<p>жоспарды толықтырыңдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дина мен Құрманғазының танысуы.</li> <li>2. Динаға домбырасын ұсынуы</li> <li>3. Динаның ант беруі</li> </ol>	<p>Мәтін жоспарын толықтырады , мазмұндайды</p>		<p>Мәтінді оқып, жоспарды толықтырады 1б.</p>	
<p>Қорытынды 3 мин</p>	<p><b>Қорытынды «Дұрыс/Бұрыс» әдісі</b></p> <p><b>Рефлексия «Кітап»</b></p>  <p><b>Үй тапсырмасы: 10-жаттығу.</b> Мәтінді мазмұндау, мәтіннен дара және күрделі етістікті табу</p>	<p>Кері байланыс жасайды. Үй тапсырмасын жазып алады</p>		<p>ҚБ қойылады</p>	<p>Kling AI</p>